

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 118 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 357 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 118 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 5, 56-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Г.А. Марченкоға жүктелсін."; көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары" деген 8 - бөлімде:
реттік нөмірі 1.5-жолдың 5-бағанындағы "2003 жылдың 4 тоқсаны" деген сөздер "2004 жылғы 30 сәуір" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі